

Спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 1 қаңтардағы № 1 және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 17 қаңтардағы № 9 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 24 ақпанда № 14845 болып тіркелді.

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабының 12-тармағына және "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 25.09.2025 № 713, ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 01.10.2025 № 546-НҚ және ҚР Туризм және спорт министрінің 03.10.2025 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті (И.В. Лепеха) белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электронды және қағаз түріндегі көшірмелерін ресми жариялау үшін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдайды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына және Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі
_____ А. Мұхамедіұлы

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
_____ Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы Ішкі
істер министрінің
2017 жылғы 1 қаңтардағы
№ 1

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
министрінің
2017 жылғы 17 қаңтардағы
№ 9

бірлескен бұйрығымен бекітілді

Спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Дене шынықтыру және спорт туралы" және "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және спортшылардың қатысуымен оқу-жаттығу жиындарын қоспағанда, спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар (бұдан әрі – бұқаралық іс-шаралар) өткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларын қолдануды нақтылайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 25.09.2025 № 713, ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 01.10.2025 № 546-НҚ және ҚР Туризм және спорт министрінің 03.10.2025 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Нұсқаулықта мынандай негізгі түсініктер қолданылады:

1) ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар – халыққа музыкалық-эстетикалық тәрбие беруге, оның рухани және эстетикалық сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған орындарда өткізілетін, осы іс-шараларда екі жүз және одан көп көрерменнің бір мезгілде болуы көзделетін іс-шаралар;

2) спорттық-бұқаралық іс-шаралар – спорттық құрылыстарда және объектілерде, сондай-ақ спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған ашық жерлерде өткізілетін адамның дене шынығуы және зияткерлік қабілетін дамытуға, салауатты

өмір салтын насихаттауға бағытталған, осы іс-шараларда екі жүз және одан көп көрерменнің бір мезгілде болуы көзделетін іс-шаралар;

3) спорттық іс-шаралар – спорттық жарыстар, дене шынықтыру және спорт саласында спортшылардың, жаттықтырушылардың және мамандардың қатысуымен оқу-жаттықтыру жиындары;

4) Бұқаралық іс-шаралар маңыздылығына қарай халықаралық, республикалық және жергілікті деңгейге бөлінеді.

3. Бұқаралық іс-шараны ұйымдастырушы (бұдан әрі – ұйымдастырушы) бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібін регламенттейтін көрермендердің жүріс-тұрыс қағидаларын азаматтар үшін жалпыға қолжетімді жерге орналастырады, қоғамдық тәртіпті сақтауды, көрермендердің қауіпсіздігін, өрт және санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін, жазатайым оқиғалар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін шараларды және төтенше жағдайлар туындаған кезде эвакуациялау тәртібін көздейді.

2-тарау. Бұқаралық іс-шараларды өткізуге дайындықты ұйымдастыру

4. Спорттық, спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу үшін алдағы жылға өткізу кестесі әзірленеді және ішкі істер органдарына (бұдан әрі - ПО) жолданады.

1) халықаралық және республикалық деңгейде – дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган;

2) жергілікті деңгейде – жергілікті атқарушы орган, қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ, кент және ауыл әкімі.

5. Ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізу үшін ұйымдастырушы оның аумағында өтетін жергілікті атқарушы органға (бұдан әрі – ЖАО) бұқаралық іс-шараны өткізу күніне дейін он күнтізбелік күнінен кешіктермей осы Нұсқаулыққа қосымшаға сәйкес нысан бойынша бұқаралық іс-шараны өткізу бағдарламасын (регламент, сценарий) қоса бере отырып, жазбаша хабарлама жолдайды.

6. ЖАО хабарламаны қарайды және ол келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ПО-ға хабарлайды. Бұқаралық іс-шараны ұйымдастырушы ЖАО немесе уәкілетті орган болып табылатын жағдайда хабарлама жолданбайды, тек ПО-ға хабарланады.

7. Бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу үшін ЖАО ұйымдастырушылық комитеттерін (бұдан әрі - комитеттер) құрады, олар бұл іс-шараларды дайындау және өткізуге жұмылдырылған ұйымдардың қызметін үйлестіреді.

Комитет құрамына ПО-ның және азаматтық қорғау органдарының өкілдері, бұқаралық іс-шараны ұйымдастырушы кіреді. Комитетті ЖАО-ның уәкілетті өкілі басқарады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 25.09.2025 № 713, ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 01.10.2025 № 546-НҚ және ҚР Туризм және спорт министрінің 03.10.2025 № 187 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

8. Комитет бұқаралық іс-шараларды өткізу орындарын:

- 1) эвакуациялау жолдарының болмауы;
- 2) салмақ түсетін құрылымдардың өте ескіргендігі;
- 3) сахна (трибуна) биіктігінің деңгейі 1,5 (бір жарым) метрден кем;
- 4) апаттық жарық берудің жоқ болуы;

5) трибуна астындағы үй-жайларда жанар-қауіпті заттар мен материалдардың орналасуы;

- 6) өртке қарсы қорғаныс құралдардың жоқ болуы немесе ақаулығы;
- 7) электр жабдығын монтаждау және пайдалану қағидаларының бұзылуы;

8) бұқаралық іс-шараларды өткізу орнына жақын жерде аяқталмаған құрылыс объектілерінің бар болуы және шабуыл жасау құралы ретінде пайдаланылуы ықтимал заттардың (кірпіш, арматура, қада және т.б) бар болуы;

9) сахна периметрі бойынша қауіпсіздік бөгеуілдерінің (турникеттердің) жоқ болуы бөлігінде тексеруді ұйымдастырады.

10) ішкі істер органдарына қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде көмек көрсету мүмкіндігі бөлігінде тексеруді ұйымдастырады.

Бұқаралық іс-шараны өткізу орындарын тексергеннен кейін комитет бір жұмыс күні ішінде:

1) бұқаралық іс-шараны өткізуге толық рұқсат беру не бұқаралық іс-шараны көрермендерсіз өткізуге рұқсат беру туралы;

2) бұқаралық іс-шараларға қатысушылар мен көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ететін (ауа райының жағдайлары, терроризмге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз етпеу және басқа) факторлар анықталған жағдайда бұқаралық іс-шараны өткізуге рұқсат беруден толық бас тарту

3) анықталған кемшіліктерді жойғанға дейін іс-шараны өткізуге рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Бұл ретте ұйымдастырушы бұқаралық іс-шараны өткізу күніне дейін күнтізбелік бес күн бұрын ЖАО-ға комитет анықтаған кемшіліктерді жою туралы хабарлайды.

Ақпарат алғаннан кейін комитет бұқаралық іс-шаралар өткізілетін жерлерді қайта тексереді және бұрын белгіленген кемшіліктер қайта анықталған жағдайда бұқаралық іс-шараны өткізуден толық бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 27.06.2019 № 582 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 27.06.2019 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

9. Ұйымдастырушы алдын ала бұқаралық іс-шараны өткізуден күнтізбелік үш күн бұрын ЖАО-ға хабарлайды, олар өз кезегінде ПО-ға болжанатын көрермендер саны туралы хабарлайды және олар басталғанға дейін күнтізбелік бір күннен кешіктірмей сатылған билеттер, берілген рұқсат қағаздары, оның ішінде көлік құралдарына рұқсат қағаздар саны туралы хабарлайды.

Орындарын, трибуналарды және секторларды көрсетпей кіру билеттерін сатуға, сондай-ақ бар орындардың санынан асатын көлемде оларды таратуға жол берілмейді.

10. ЖАО бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көлік қозғалысы бағыттарының уақытша өзгеруі, бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орынға азаматтардың қолжетімділігін шектеу туралы алдын ала хабарлайды.

11. ПО-ның басқа мүдделі ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуы жоспарланған бұқаралық іс-шараның мазмұны, маңыздылығы туралы, қатысушылар мен көрермендердің болжанатын саны туралы, бұқаралық іс-шараны өткізу орны мен уақыты туралы, бұқаралық іс-шараға қатысушылар арасындағы психологиялық климат туралы ақпарат алмасудан тұрады.

12. ПО бөліністері арасындағы өзара іс-қимыл жасасу мыналарға негізделеді:

1) қоғамдық тәртіпті, жол және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жұмылдырылған барлық жасақшалар мен қызметтердің жалпы міндеттерді және оны іске асыру бойынша өздерінің лауазымдық нұсқаулықтарын нақты орындау;

2) жедел жағдайды және оның өзгергенін үнемі біліп отыру;

3) үздіксіз байланыстың бар болуы және жедел ақпаратпен үнемі алмасу;

4) белгіленген командалар мен белгілерді білу және дұрыс қолдану;

5) көрші ПО жасақшаларына уақтылы көмек көрсету;

6) күштермен және құралдармен маневрлерді жедел және тиімді жүзеге асыру.

3-тарау. Бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

13. Нақты бұқаралық іс-шараға қатысты қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге дайындық осы Нұсқаулықтың 6-тармағында көрсетілген хабарламаны ПО алған сәттен бастап басталады.

14. Ұйымдастырушы ПО-мен бірлесіп, жедел штабты (бұдан әрі – ЖШ) басқару пунктiнiң, ПО-ның және жедел жәрдемнiң қызметтiк автокөлiгi, сондай-ақ резервi тұрағының орналасатын жерiн айқындайды.

15. Тиiстi бұқаралық iс-шараның басталуынан екi тәулiк бұрын ПО қоғамдық тәртіп сақтауды, жол және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жұмылдырылған күш пен құралдарды орналастыру жоспарын бекітеді, ЖШ құрылады.

Аймақтардың, секторлардың, учаскелердің аға қызметкерлері тағайындалады, олардың лауазымдық нұсқаулықтарымен айқындалады, жеке құрамның есебі жүргізіледі. Бұл ретте елдімекендегі жедел жағдай, өткізілетін бұқаралық

іс-шаралардың көлемі мен сипаты, жергілікті халық және басқа өңірлер тарапынан оған танытылған қызығушылық, оларды өткізу маусымы және уақыты, метеорологиялық жағдайлар, қатысушылар мен көрермендердің саны, олардың көңіл-күйлері туралы жедел ақпараттың бар болуы ескеріледі.

16. Нақты іс-шараға күш пен құралдардың есебі тек құрылыста ғана емес, осы объектіге жақын аймақта тиісті тәртіпті қамтамасыз етуді ескере отырып өткізіледі. Металл қоршауларды (турникеттерді) орнату саны мен орны айқындалады. Жағдай шиеленіскен кезде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін ЖШ басшыларының және сектордың аға қызметшілерінің резерві құрылады.

Бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде тәртіпсіздікке аса белсенді қатысушыларды және ұйымдастырушыларды, сондай-ақ әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық алауыздықты қоздыруға бағытталған, сол сияқты жеке тұлғалардың құқықтарын кемсітетін плакаттарды, эмблемаларды, транспаранттарды және өзгеде көрінетін заттарды пайдалануды анықтау үшін көзбен шолып бақылау, фотоға түсіру, бейне және дыбыс жазу құралдарымен жабдықталған жедел қызметтердің қызметкерлері қатарынан тіркеу тобы (азаматтық киіммен) құрылады.

Бұқаралық іс-шараға қатысушыларға қатысты (спортшыларға, төрешілерге, әртістерге, әншілерге) көрермендер тарапынан шабуыл жасауға және бұзақылық іс-әрекеттер жасауға жол бермеу мақсатында олардың бұқаралық іс-шара басында және аяқталғанда (үзіліс кезінде) спорттық алаңға (манежге), сахнаға (трибунаға) шығуы (кетуі) кезінде ЖШ басшысы ілесіп жүру және дәлізбен қамтамасыз ету үшін топ қояды. Бұл ретте шығатын жерлер, өтетін жерлер, сахна периметрі металл қоршаулармен (турникеттермен) қоршалады.

Спорттық аренада, сахнада спортшыларға, әртістерге қатысты бұқаралық іс-шараға қатысушылар арасындағы бұзақылық іс-әрекеттердің жолын кесу үшін ұйымдастырушымен келісім бойынша полицияның неғұрлым дайындалған қызметкерлері қатарынан (5 адамнан кем емес) топ құрылады. Ол топ бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырушылардың тікелей қасында орналасады.

17. Бұқаралық іс-шара өткізу объектілерінде қызмет өткеруге жеке құрамды дайындау үшін жасақшалар нұсқамасы, сондай-ақ көрермендерді құрылыстан эвакуациялаумен, оларды қалалық көлікке отырғызумен байланысты жаттықтырулар өткізіледі. Нұсқамалар кезінде объектілердің схемалары мен макеттері пайдаланылады, адамдар мен көліктердің қозғалыс бағыттары, басқару пункттерін және резервтерді, медициналық пункттерді, сауда орындарын орналастыру орындары нақтыланады, билеттердің, рұқсат қағаздарының және басқа кіруге рұқсат беретін құжаттардың үлгілерімен танысу жүзеге асырылады.

18. ПО жеке құрамы бұқаралық іс-шара өтетін жерге екі сағат отыз минут бұрын келеді. Спорттық, мәдени немесе өзге құрылыста және оған жақын аумақта құқықтық

тәртіпті қамтамасыз ету режимі жарыс басталғанға дейін екі сағат бұрын, көрермендердің кіруі – бір сағат бұрын енгізіледі.

ЖШ басшысының бұйрығы бойынша іс-шара басталмас бұрын және аяқталғаннан кейін қатысушылар, көрермендер үшін қауіп төндіретін (өртеуі мүмкін құрылыс қоқсығы) және лақтыратын снарядтар ретінде пайдаланылуы мүмкін (кірпіштердің, тастардың үйіндісі) бөгде заттарды анықтау және алып қою мақсатында құрылыс трибуналарын және оған жақын аумақты тексеру жүргізіледі. Жарылыс қаупі бар заттар мен құрылғыларды табу мәніне тексеру іс-шара алдында көрермендер кірмес бұрын өткізіледі. Билеттерді сату кезінде касса жанында және құрылысқа жақын аумақта қоғамдық тәртіпті сақтау жүзеге асырылады.

19. ПО қызметкерлері жеке күзет ұйымдарының жұмыскерлерімен, ерікті адамдармен, бақылаушылармен, ұйымдастырушылармен бірлесіп мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) көрермендердің ұйымдастырылып кіруі;
- 2) көрермендерді трибуналарда, залда, секторларда орналастыру;
- 3) билеттері және рұқсат қағаздары жоқ азаматтардың, сондай-ақ масаң күйдегі адамдардың кіруіне тыйым салу;
- 4) техникалық құралдарды және қызметтік-ізвестіру иттерін пайдаланумен тыйым салынған заттарды (спирттік ішімдіктер, жарылғыш заттар, қару-жарақ, шыны ыдыстағы сусындарды және т.б.) өткізу мәніне жеке тұлғаларды, олардың заттарын, көлік құралдарын және өткізілетін жүктерді жеке тексеру;
- 5) құрылыс аумағында спирттік, сондай-ақ металл және шыны ыдыста салқындататын сусындарды, пиротехника бұйымдарын және пайдалануы адамдардың өміріне және денсаулығына қауіп төндіруі немесе жеке және заңды тұлғаларға материалдық зиян келтіруі мүмкін өзге заттарды сату фактілерінің алдын алу бойынша шаралар қабылданады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.06.2019 № 582 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 27.06.2019 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

20. Тәртіпсіздіктерді, бұқаралық іс-шараны өткізбеуді арандататын және кедергісіз шығу және кіру үшін қауіп төндіретін азаматтарға Қазақстан Республикасының әкімшілік және қылмыстық заңнамасына сәйкес шаралар қабылданады.

21. Көп азаматтардың қатысуымен бұқаралық іс-шаралар өткізу кезінде ЖАО ПО-мен бірлесіп, жақын аумақта кептеліске (автомобиль кептелісі) және көлік құралдарының жиналуына жол бермеу мақсатында бұқаралық іс-шара өткізу аумағында қозғалысты шектейді, көрермендерді арнайы автобустармен жөнелту пункттерінің жұмысын ұйымдастырады және оларға патрульдік автомашиналардың ілесіп жүруін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.06.2019 № 582 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 27.06.2019 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

22. Бұқаралық іс-шара аяқталғаннан кейін учаскенің аға қызметшілері және жасақшалар жеке күзет ұйымдарының жұмыскерлерімен, ерікті адамдармен, бақылаушылармен, ұйымдастырушылармен бірлесіп азаматтардың жиналуына, итеруіне, құлауына және олардың арасында үрейдің пайда болуына жол бермей, олардың баспалдақпен біркелкі және кезек-кезекпен қозғалысы үшін бір уақытта негізгі шығатын жерге апаратын кіреберісте қауіпсіз жерде адамдар тобын ұстап тұрып, көрермендердің еркін қозғалысын қамтамасыз ете отырып, олардың спорттық, мәдени және өзге құрылыстан шығуын ұйымдастырады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.06.2019 № 582 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 27.06.2019 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

23. Құрылыстарында бұқаралық іс-шаралар өткізілетін ұйымдар мыналарды:

1) объектілердегі инженерлік жүйелердің және ішкі және сыртқы өртке қарсы су құбырларының құлақтандыру жүйелерінің тоқтаусыз жұмыс істеп тұруын, ғимарат және құрылыс конструкциясының сенімділігін, өрт қауіпсіздігін, бұқаралық іс-шараларды өткізу кезеңінде кіру-шығуды (есіктің, қақпаның) аспалы құлыптарды пайдаланбай, жеңіл ашылатын тиектермен қамтамасыз ете отырып, трибуналардың, эвакуациялау жолдарының дайындығын, қызмет көрсететін персоналдың және қызметтік нұсқаулықтарға сәйкес олардың іс-әрекеттерін бақылаудың бар болуын;

2) бұқаралық іс-шараға қатысушыларды, ПО қызметкерлерін (қонақтар командаларының жанкүйерлері, сондай-ақ едәуір белсенді жанкүйерлер топтары орналасатын трибунаның жанында), қызмет көрсететін персоналды орналастыруға арналған жерлердің, жалпы пайдалану жерлерінің, ареналар мен аумақтың бар болуын, тиісті ұстауды және жабдықталуын, өрт сөндіру құралдарының дайындығын;

3) құрылыстарға өрт сөндіру техникасының еркін кіруін және кірме жолын;

4) құрылыстарда (көрінетін жерлерде) қауіпсіздік белгілерін, көрсеткіштер, келушілердің мінез-құлық қағидаттары бар плакаттарды, эвакуациялау жоспарын және өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы нұсқаулық орналастыруды;

5) бақылау-өткізу режимін, билеттерге және рұқсат қағаздарына сәйкес қатысушылар мен көрермендерді ареналарда, секторларда және трибуналарда орналастыруды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 27.06.2019 № 582 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 27.06.2019 № 183 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

24. Бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырушылар көрермендердің және (немесе) қатысушылардың спорттық алаңға (манежге) кенеттен шығуына жол бермеу үшін жеке күзет ұйымдарының жұмыскерлерін, еріктілерді және бақылаушыларды жұмылдырған жағдайда оларды спорт алаңының периметрі (манежі) бойынша (спорт алаңына арқасымен тұрады) қоюды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 3-тарау 24-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 27.06.2019 № 582 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 27.06.2019 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Спорттық және спорттық-
бұқаралық, ойын-сауық мәдени-
бұқаралық іс-шараларды өткізу
қауіпсіздігін қамтамасыз ету
жөніндегі нұсқаулыққа
қосымша
Нысан

Бұқаралық іс-шараны өткізу туралы ХАБАРЛАМА

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 27.06.2019 № 582 және ҚР Мәдениет және спорт министрінің 27.06.2019 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Бұқаралық іс-шараның мақсаты _____

2. Бұқаралық іс-шараның нысаны _____

3. Бұқаралық іс-шараның өткізу орны (орындары), қатысушылардың қозғалыс бағыты,

ал егер іс-шара көлік құралдарын пайдалана отырып өткізілетін жағдайда, көлік құралдарын

пайдалану туралы ақпарат _____

4. Бұқаралық іс-шараның басталатын және аяқталатын күні, уақыты _____

Бұқаралық іс-шараның аяқталатын уақыты _____

5. Бұқаралық іс-шараға қатысушылардың болжамды саны _____

6. Бұқаралық іс-шараны ұйымдастырушының қамтамасыз ету нысандары мен әдістері:

1) қоғамдық тәртіп (қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуде полиция қызметкерлеріне көмек көрсету үшін жұмылдырылатын жеке күзет ұйымдары жұмыскерлерінің, еріктілердің және бақылаушылардың саны (оларды жұмылдырған жағдайда) _____

2) медициналық көмек ұйымдастыру _____

3) өрт қауіпсіздігі _____

Бұқаралық іс-шараны өткізу кезінде дыбыс күшейткіш техникалық құралдарды пайдалану ниеті _____

7. Бұқаралық іс-шараны ұйымдастырушының (ұйымдастырушылардың) тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде) не атауы, оның тұрғылықты жері немесе келуі туралы не болатын

жері және телефон нөмірлері туралы мәліметтер _____

8. Бұқаралық іс-шараны ұйымдастырушының бұқаралық іс-шараны ұйымдастыру және

өткізу бойынша басқару міндеттерін орындауға уәкілетті адамының тегі, аты және әкесінің

аты _____

9. Бұқаралық іс-шараны өткізу кезінде адамдардың өмірі мен денсаулығы, сондай-ақ

қоршаған орта үшін жоғары қауіп тудыратын құралдар, заттар пайдаланыла ма

10. Бұқаралық іс-шараны өткізу тәртібі, оның ішінде бұқаралық іс-шараға келушілерге,

көгермендерге және өзге де қатысушыларға қойылатын талаптар _____

Қосымша: _____

_____ (бұқаралық іс-шараны өткізу объектісін пайдалануға құқығы барын растайтын құжаттар)

20 __ жылғы " __ " _____

_____ (хабарлама берілген күн)
(ұйымдастырушылардың) қолы)

_____ (бұқаралық іс-шараны ұйымдастырушының

_____ (бұқаралық іс-шараны ұйымдастырушы
уәкілдік берген адамның қолы)